

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимиттік Корольдігінің Үкіметі арасындағы Мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 266 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырган 2005 жылғы 8 қарашада Алматы қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимиттік Корольдігінің Үкіметі арасындағы Мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимиттік Корольдігінің Үкіметі арасындағы Мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (2012 жылғы 10 маусымда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2012 ж., N 4, 63-құжат)

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иордан Хашимиттік Корольдігінің Үкіметі,

екі ел халықтары арасындағы достық пен өзара түсіністік қарым-қатынастарды дамытуға және нығайтуға ниет білдіре отырып,

мәдениет саласындағы ынтымақтастықты дамытуға ұмтыла отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар мәдениет саласындағы ынтымақтастықты Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес дамытады.

2-бап

Тараптар екі жақты шарттар негізінде театр, музыкалық-орындаушылық ұжымдарының гастрольдері мен орындауларын ұйымдастыруға, көркемөнер көрмелерімен және мұражай жәдігерлерімен алмасуға, фестивальдерді, конкурстарды, конференцияларды, семинарларды және мәдениет пен өнер саласындағы басқа да іс-шараларды өткізуге жәрдемдеседі.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар мәдени, ғылыми және білім беру мақсаттарында Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік кітапхана, мұрағат және мұражай қорларына өзара қол жеткізуге ықпал етеді.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар мәдениет пен өнер мәселелері жөніндегі ақпаратпен, әдебиетпен, әдіснамалық және статистикалық зерттеулермен, мерзімді басылымдармен және журналдармен алмасуды жүзеге асыруға ықпал етеді.

5-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысынан мәдени құндылықтарды заңсыз әкелуге, әкетуге және оларға меншік құқықтарын заңсыз беруге жол бермеуге бағытталған шараларды Тараптар қабылдайды.

6-бап

Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының мәдени және көркемөнер мұраларын реттеу, қорғау, қалпына келтіру, сақтау және жаңарту саласындағы ынтымақтастықты Тараптар нығайтады және Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес бір-бірінің мәдени мұраларына өзара қол жеткізуге ықпал етеді.

7-бап

Тараптар кинематография саласында өзара тиімді негізде екі жақты ынтымақтастықты дамытуға мынадай бағыттар бойынша ықпал етеді:

- 1) фильмдермен алмасу;
- 2) деректі, көркем және мультиплексиялық фильмдерді бірлесіп шығару;
- 3) Тараптар мемлекеттерінің кино түсірушілері, кино қызметкерлері арасында байланыс орнату;
- 4) өнер технологиясы саласында тәжірибе алмасу.

8-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және Тараптардың екі мемлекеті қатысушылары болып табылатын халықарапалық шарттарға сәйкес Тараптар авторлық құқықтарды сактау саласында ынтымақтасады.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары іс-шаралар мен қаржылық жағдай егжей-тегжейлі айтылатын тиісті бағдарламалар мен хаттамаларға қол қояды.

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары мыналар болып табылады:

қазақстан тарабынан - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі;

иордан тарабынан - Иордан Хашимиттік Корольдігінің Мәдениет министрлігі.

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген кезде Тараптар дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабардар етіледі.

10-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөліктері болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 12-бабында белгіленген тәртіппен қүшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешетін болады.

12-бап

Осы Келісім, Тараптардың оның қүшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап қүшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл бойы қолданыста болады және егер Тараптардың ешқайсысы кезекті бес жылдық кезең аяқталғанға дейін алты ай қалғанда өзінің осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа хабарламаса, келесі бес жылдық кезеңге ұзартылады.

2005 жылғы 8 қарашада Алматы қаласында әрқайсысы қазақ, араб, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Иордан Хашимиттік

Корольдігінің

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК